

Екінші деңгейлі банктердің депозиті және депозиттік саясат



Орындаған: Сағындықов Данияр

ҚР-232



- ⦿ Банктік депозит (латыннан depositum- сақталуға берілген зат) – бұл банкке клиенттердің уақытша бос ақшаларын беру жөніндегі экономикалық қатынас. Алайда депозит терминін түсіндіретін анықтамалар көп. Әлемдік тәжірибеде депозит - бұл заңды және жеке тұлғалардың құралдарды салу мерзіміне тәуелсіз қаржылық институтқа салу. Ал Қазақстанда заңды тұлғалардың салымдары депозит, ал жеке тұлғалардыкі – салымдар деп аталады. Есеп-айырысу және ағымдағы шоттардағы қалдықтар депозит болып саналмайды.



Банктік тәжірибеде барлық тартылатын қаражаттарды жинақтау тәсілдеріне байланысты үлкен екі топқа бөледі:

- депозиттік қаражаттар;
- депозиттік емес тартылған қаражаттар.

- Депозит – бұл клиенттердің (жеке және заңды тұлғалардың) банктегі белгілі бір шотқа салған және өздері пайдалана алатын қаражаттары.



- Депозиттік емес тартылған қаражаттар – бұл банктің алған қарыздары түрінде немесе өздерінің меншікті бағалы қағаздарын сату жолымен тарататын қаражаттары.



Депозиттік емес банктік ресурс көздері мен депозиттер өзара ажыратылады. Біріншіден, олар персоналдық емес, яғни банктің нақты клиенттің атынан тартылмайды; екіншіден, мұндай қаражаттарды тарту бастамасы банктің өзінен туындайды



- Депозиттік емес тартылған ресурстармен көбіне ірі коммерциялық банктер айналысады. Өйткені, депозиттік емес қаражаттар ірі сомада сатып алынатындықтан да, оларды көтерме сауда операциялар сипатына жатқызуға болады



- ◎ «Депозиттер салымшы үшін әлеуетті ақша болып табылады. Салымшы үшін олар екі рөлде шығады: бір жағынан ақша рөлінде, екінші жағынан пайыз әкелетін капитал рөлінде. Бірақ капитал әкелетін пайызға қарағанда депозит аз пайыз әкеледі. Бұл төменделген пайыз – кездейсоқ құбылыс емес, банк табиғатының маңызды мезеті. Өйткені банк табиғатының бүкіл мәні мынада: депозит бойынша төленетін пайыз банк әртүрлі кәсіпорындарға салған капитал үшін алатын пайызға қарағанда төмен. Пайыздардағы бұл айырма активті операциялар бойынша алатын пайыздардың $\frac{1}{4}$ бөлігін құрайды».

Сонымен, депозит тек қана салымшы үшін ғана емес, және банк үшін тиімді. Көптеген депозиттер банкке несиелі капиталды құруға ықпалын тигізеді, банк кейін бұл несиелі капиталын тиімді шарттарда шаруашылықтың кез келген аясына орналастырады.



Депозиттердің келесідей қызметтерін атап айтуға болады:

- Коммерциялық қызмет – жеке және заңды тұлғалардан ақша қаражаттарын депозитке белгілі бір мүдде төлеу шартымен тарта отырып оны осы қаражаттар қажет болып отырған тұлғаларға өзінің белгілі үстеме ақысын қолдана отырып сатады. Банктің осы қатынасы оның коммерциялық банк деген атына негіз болады.
- Ынталандыру қызметі – депозиттік салымдардың әр түрлі шартпен құрылуы, салымдардың белгілі бір шарттағы салым түріне ақша қаражаттарын сала отырып табыс алуға деген қызығушылығын тудырады. Ол табыс ақша қаражаты, несие алу мүмкіндігі және белгілі бір сыйлық есебінде алу түрінде болады.
- Қорлану қызметі - депозитке тартылатын қаражаттар ақша түрінде болғандықтан, ол банктің белгілі бір қорларын құруға негіз болады. Олар – банктің өсімділігін жоғары деңгейде ұстап тұруға негізделген қорлар. Бұл қорларды коммерциялық банк реттеуші органдардың талап етуімен және өз қызметін тиімді атқару үшін өз еркімен құрады.
- Банк ресурстарын құру қызметі – депозиттік салымдар тарихи қалыптасуы бойынша олар банктік ресурстарды құрудың негізгі көзі болып табылады. Өйткені бұл ресурстар банк үшін арзан және әр уақытта бар болып тұратын қаражаттар. Депозиттік қаражаттар банктің пассивтерінің 70-80 % құрайтын ресурс болғандықтан олар активтік операцияларды жүргізуге қажетті банк ресурстарының негізін құрайды

Депозиттік операциялар



•активті

•пассивті

Активті депозиттік операциялар – банктің уақытша бос ақша қаражаттарын Орталық банкте және өзге корреспондент-банктердегі шоттарда орналастыруымен байланысты операциялар. Олар банктің өтімді активтері ретінде, яғни жалпы активтердің өте аз бөлігін алады. Активтік депозиттер банктің өтімді қаражаттарына жатады.



Депозит "9,4 %"
От лучшего Банка Казахстана



- Пассивті депозиттік операциялар - бұл клиенттердің уақытша бос ақша қаражаттарын белгілі уақытқа және пайыз төлеу шартымен тартумен байланысты операциялар. Бұл операциялар көмегімен тартылған депозиттер пассив жағының көп бөлігін алады және банктік ресурстарын қалыптастырудың негізгі көзі.



Отандық тәжірибеде активтік депозиттер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктегі банктердің депозиттері мен өзге коммерциялық банктерде, соның ішінде шетелдік немесе отандық банктерде орналастырған ұлттық және шетел валютасындағы шоттардағы қаражаттарын сипаттайды



Екінші деңгейлі банктермен тартылатын депозиттердің көлемі негізінен негізгі төрт факторға тәуелді болып келеді:

- ◎ Халықтың ақшалай табыстарының көлемі;
- ◎ Олардың банктік жүйеге деген сенімінің деңгейі;
- ◎ Салымдар бойынша нақты пайыз мөлшерлемесі;
- ◎ Елдегі банктік жүйенің даму деңгейі және ондағы қаржылық өнімдердің дамуы.

Екінші деңгейлі банктердің депозиттер бойынша мөлшерлемелерді арттыруы олардың несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өсуіне байланысты несиелік тәуекелінің артуына алып келуі мүмкін немесе пайыздық маржаның төмендеуіне ықпал етуі ықтимал, бұл жеке капиталға қысымды көбейте түседі.



- Депозиттік саясат банктің стратегиясына сәйкес жасалуы тиіс. Соныдықтан банк өзінің депозиттік саясатын жасау барысында өзінің әлуетті клиенттерін, яғни жеке салымшыларды немесе салымшылар ретінде заңды тұлғаларды дұрыс таңдай білуі қажет



Депозиттік операцияларды жүргізуде банктер мынадай принциптерді басшылыққа алады:

- депозиттік базаны қалыптастыру барысында заңдық және нормативтік талаптардың орындалуын сақтау;
- депозиттік операциялар банктің пайда табуына ықпал етуге тиіс;
- тартылған депозиттік ресурстар банктің өтімділігін қамтамасыз етуге тиіс;
- депозиттік ресурстардың субъектілер, түрлері және мерзімдері бойынша дифференциалдануын қадағалауы қажет.